

1-тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Батыс Қазақстан облысы Орал қаласы ЖШС-ның «Зульфарм», «Ерке» жеке балабақшасының - құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады.

1.2. Кәсіпорынның құрылтайшысы – ЖШС-ның «Зульфарм» Куанғалиева Зульфия Муратовна.

1.3. Меншік құқығына қатысты субъектінің құқықтары Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің (бұдан әрі – Жергілікті атқарушы орган) меншігімен жүзеге асырылады.

1.4. Кәсіпорынның уәкілетті органы «Батыс Қазақстан облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі болып табылады (бұдан әрі - Уәкілетті орган).

1.5. Кәсіпорын атауы:

Мемлекеттік тілде: «Батыс Қазақстан облысы Орал қаласы ЖШС-ның «Зульфарм», «Ерке» жеке балабақшасы.

Орыс тілінде: ТОО «Зульфарм», «Ерке» частный детский сада города Уральск Западно-Казахстанской области.

1.6. Кәсіпорынның орналасқан жері:

Индексі: 090009 Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, Зачаганск кенті, Наурыз көшесі-96.

2-тарау. БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫНЫҢ ҰЙЫМДЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ НЫСАНЫ, ТИПІ ЖӘНЕ ТҮРІ

2.1. Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, мектепке дейінгі білім беру ұйым қызметтерінің типтік ережелері, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің нормативтік және құқықтық актілері, Уәкілетті орган және оның құрылымдық бөлімшелерінің бұйрығы және осы Жарғы негізінде әрекет етеді.

2.2. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына сәйкес Мемлекеттік аттестациядан өтеді.

2.3. Кәсіпорынды құру, тарату және қайта құруды құрылтайшы жүзеге асырады.

2.4. Кәсіпорын тағам өнімдерінің Қазақстан Республикасы заңнамасымен белгіленген нормасын есепке ала отырып, балалардың тамақтануын үйлестіруді қамтамасыз етеді. Кәсіпорында балаларды тамақтандыру жұмыс режимін сақтау арқылы жүзеге асырылады. Тағамның және медициналық қызметтің сапасын бақылау денсаулық сақтау органдарына жүктеледі.

2.5. Кәсіпорын, ұйымдық құрылымдар, саяси партиялар, қоғамдық-саяси қозғалыстар мен ұйымдар құруға және қызметіне жол берілмейді.

2.6. Кәсіпорында арнайы білімді қажет ететін балаларға кешенді педагогикалық және әлеуметтік-педагогикалық көмек көрсету үшін инклюзивтік білім беру жұмысы жүзеге асырылады.